

Тақырыбы: Қазақстан – менің Отаным. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күнін мерекелеу арқылы балалардың бойында отаншылдық, туған жерін қастерлеу сезімдерін, мемлекеттік рәміздерге қызығушылықты және құрметпен қарау сезімдерін дамыту.

Құрал-жабдықтар

1. Көрнекілік материалдар. Интербелсенді тақта, музыкалық аппаратура, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің аудиожазбасы, Отан туралы әннің әуені, фортепиано; мерекенің тақырыбын ашу үшін интербелсенді тақтадан көрсетілетін көріністер, Тәуелсіздік батырларының портреттері; Қазақстанның Тәуелсіздік күні мерекесіне сай безендірілген зал.

2. Үлестірмелі материалдар. Балаларға арналған мерекелік киімі, бала санына қарай көгілдір түсті жалаулар.

Кіріспе бөлім

Зал Қазақстанның Тәуелсіздік күні тақырыбына сай безендіріледі.
Салтанатты музыка ойнайды, балалар жартылай шеңбер құрып тұрады.
Бабамның да арманы
Осы еді ғой аңсаған,
Тәуелсіздік таңдары
Бақ береді баршаға.
Көк туымды қолыма
Бүгін берік ұстадым.
Түсті бақыт жолына
Менің Қазақстаным!

Балалар мен қонақтар Қазақстан Республикасының Гимнін орындау үшін орындарынан тұрады.

Гимн орындалып болған соң балалар өз орындарына отырады.

Негізгі бөлім

Тәрбиеші: – Құрметті балалар, қонақтар, бүгін біз Қазақстан

– Иә. Қазақстан Республикасы – біздің Отанымыз. Біздің туып-өскен, өмір сүріп жатқан жеріміз

Мұқағали Мақатаев «Отан туралы»

Мен оның түнін сүйем, күнін сүйем,
Ағынды өзен, асқар тау, гүлін сүйем,
Мен оның қасиетті тілін сүйем,
Мен оның құдіретті үнін сүйем.
Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: «Отан!» деп сыбырлаған
Жаным менің, Кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!
Отан! Отан! Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен ...

– Балалар, біздің Қазақстанымыз ұшы-қиыры жоқ, кең-байтақ жер екенін білесіңдер.

Қазақстан туралы бейнебаян.

– Біздің жеріміздің табиғатының сұлулығы мен кеңдігін көрдіңдер ме?

Балалар: – Иә!

Тәрбиеші туған өлке туралы өлең оқиды.

Өтебай Тұрманжанов «Туған өлкем»

Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!
Алтын дәнді даласы бар,
Ақ күмістей қаласы бар.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!
Түлігі өскен алуан-алуан,
Төс, алқабы малға толған.
Неткен сұлу, неткен көркем!
Осы менің туған өлкем!

Ең сүйегі жеріңіз, елдеріңіз

– Балалар, біздің жеріміздің әдемілігі көз қуантады, оны сақтау және қорғау керек. Бүгін біз бейбіт аспан астында өмір сүріп жатырмыз, білім аламыз, ойнапкүлеміз. Бірақ осы бақытты өмірге жету үшін халқымыз жаумен күресуге мәжбүр болды.

– Отан туралы қандай тақпақтар білеміз? Оқып берейікші.

Балалардың тақпақтарын тыңдау.

Тәрбиеші: – Балалар, әр елдің, әр мемлекеттің өз рәміздері бар. Мысалы, біз мерекенің басында бір ән айттық. Ол ән қалай аталады?

– Иә. Бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні. Жарайсындар! Гимн ерекше жағдайларда ғана орындалады. Гимнді мерекеге келгендердің барлығы айтады.

– Гимннен басқа тағы екі рәміз бар. Қарандаршы, балалар, мына суретті кім таныды?



– Бұл Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы. Елтаңбаға қарандаршы. Оның екі шетінде жалғыз мүйізді мифтік жылқылар бар. Бұл қанатты тұлпарлар еліміздің тәуелсіз мемлекет екенін білдіреді. Оның ортасында шаңырақ бейнеленген. Бұл достықты бағалайтынымызды білдіреді. Жоғарғы жағындағы жұлдыз біздің асқақ арманымыздың көрінісі.

– Тәуелсіздігіміздің тағы бір нышаны бар. Балалар, жұмбағымды шешіп көріңдер.

Жұмбақ.

Желбіреймін той күні,

Желбіреймін Май күні,

Құрметтімін жұртқа мен Болса дағы қай күні.

– Иә. Бұл Қазақстанның Туы.



Қорытынды

Тәрбиеші: – Бүгінгі салтанатты жиынымыз аяқталды.

– Құрметті қонақтар, балалар, сіздерді Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күні мерекесімен құттықтаймыз. Біздің даңғыл жолымыз ғасырларға жалғаса берсін!

Салтанатты музыка қосылады, балалар залдан шығып кетеді.